



БҰЙРЫҚТАН КӨШІРМЕ

Тамды ауылы

№ 01-03-23

13.08.2021 жыл

**«Орта білім беру ұйымдарында
2021-2022 оқу жылының басталуы туралы»**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 02.08.2021 жылғы №21-01/04-486//21-01-7.13 п.3.7. тапсырмасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2021 – 2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №368 бұйрығы және Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы 9 тамызындағы №207 бұйрығы және «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 11.08.2021 жылғы №1-96/1 бұйрығы негізінде «Тамды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жаңа 2021 – 2022 оқу жылының дайындығы қамтамасыз етілсін.
2. Білім алушылар мен педагогтардың барлық қауіпсіздік шараларын сақтауы бақылауға алынсын.
3. Білім алушылардың өткен оқу жылында қашықтан оқыту форматында байланысты жоғалтқан білімін толықтыруы (learning loss) бойынша шаралар қабылдансын;
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі №368 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021 – 2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы;
 - 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында);
1-сыныптарда қосымша каникул -7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында).
5. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізіне алынсын.
6. Оқу процесін ұйымдастыруда «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры:

А.И.Жамансарина.